


ЖҮЛДЕГЕРМЕН



ЖҮЗДЕСУ

Жақында аудан орталығындағы М.Горький мектеп гимназиясында ардагерлер арасында өткен Азия чемпионатының қола жүлдегері, жерлесіміз Төлеутай Смайыловпен кездесу өткізілді. Үндістанның Бангалор қаласында өткен чемпионатқа қатысып, қола жүлдені жеңіп алған ардагер спортшы осы сапар алдында да өзі білім алған мектебіне келіп, кездесу өткізген. Осы кездесуде мектеп ұжымы сәттілік тілеп, шығарып салған болатын. Осындай зор құрметке ие болған ардагер спортшы өзінің аман-сау еліне табыспен оралғанын жерлестеріне қуанышпен жеткізген. Ол кісінің осындай ұзақ сапарға шығуына Қарағанды облысының әкімі Н.Нығматулин демеушілік жасап және "Эйр Астана" компаниясының бас директоры Питер Фостер спортшылар күнінде ардагер

спортшыға Үндістанның Дели қаласына барып, кері қайту жол билетін арнайы тапсырған еді. Осындай қамқорлық спортшының жақсы жетістікке жетуіне де көп ықпалын тигізді. Дүбірлі додада егеменді еліміздің атын шығарып, жүлдеге ие болған Төлеутай ағаның жеткен жетістігі қуантарлықтай.

Кездесу кешінде ардагер спортшы оқушылар мен ұстаздарға ұзақ жолғы сапарынан қысқаша айта келіп, ескерткіш ретінде қолтаңбасы жазылған фотосуреттерін ұсынды.

Туған өлкесіне жеңіспен оралған ардагер спортшыға оқушылар мен ұстаздар әлі де биік тұғырдан көрінуіне шынайы тілектерін білдірді.

**М.КУЛШКЕНОВА,
М.Горький атындағы
мектеп-гимназияның
мұғалімі.**

Заман.- 25 желтоқсан (№14).- 6 б.